

Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық селолық округі әкімінің 2010 жылғы 7 маусымдағы N 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 маусымда N 13-11-179 тіркелді.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің 20.06.2018 № 06 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес және халық пікірін ескере отырып ауылдық округтің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округтің әкімі

К. Сейітмағамбетов

Амандық ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы
7 маусымдағы № 6 шешіміне қосымша

Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы

Жаңадәуір ауылы:

- 1) бірінші көшесі – Мектеп;
- 2) екінші көшесі – Абай

Ильичевка ауылы:

- 1) бірінші көшесі – Бесқарағай;
- 2) екінші көшесі – Достық